

**«Кәсіби адалдықты тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
Парламентаризм институтының ұстанымы**

№ п/п	Құрылымдық элемент	Заң жобасының редакциясы	Ұсынылып отырған редакция	Негіздеме
Закон Республики Казахстан от 16 января 2001 года «О некоммерческих организациях»				
	1-баптың 13) тармақшасы	Осы Заңда келесі негізгі ұғымдар қолданылған: 13) Ізгі ниет презумпциясы – әкімшілік құқықтық қатынастарға қатысушы кез келген тұлға өз міндеттерін басқа тұлғалардың алдында ізгі ниетпен орындауда деп саналатын принцип, керісінше дәлелденіп немесе расталмайынша.;	Осы Заңда келесі негізгі ұғымдар қолданылады: 13) Ізгі ниет презумпциясы – әкімшілік құқықтық қатынастарға қатысушы кез келген тұлға өз міндеттерін басқа тұлғалардың алдында ізгі ниетпен орындауда деп саналатын принцип, керісінше дәлелденіп немесе расталмайынша.;	Бұл контексте «басқа тұлғалардың алдында» деген тіркестің ешқандай мәндік жүктемесі жоқ.
	3-баптың, 2 тармақтың 1) тармақшасы	2. Кәсіби адалдықты тексеруді ұйымдастыру мен өткізу міндеттері мыналар болып табылады: 1) Қызметкерлерге қатысты кәсіби адалдықты тексеруді ұйымдастыру және өткізу субъектілеріне қойылатын этикалық талаптардың жүйелі түрде бұзылуын уақтылы анықтау және оны болдырмауға бағытталған шараларды қабылдау, олар өз қызметтік міндеттерін тиісті заңнамаға сәйкес орындаған кезде.;	2. Кәсіби адалдықты тексеруді ұйымдастыру мен өткізу міндеттері мыналар болып табылады: 1) Кәсіби адалдықты тексеруді ұйымдастыру және өткізу субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын этикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың жүйелі түрде бұзылуын уақтылы анықтау және оны болдырмауға бағытталған шараларды қабылдау, олар өз қызметтік міндеттерін тиісті заңнамаға сәйкес орындаған кезде.;	1. Анықталуы тиіс тек жүйелі емес, сонымен қатар бір реттік (жеке) бұзушылықтар да. 2. Кәсіби адалдықты тексеру тек этикалық талаптардың ғана емес, сонымен қатар басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуын қамтуы тиіс.
	7-баптың, 1 тармақтың 4) тармақшасы	1. Тексерілуге жататын тұлға құқылы: 4) Тексерілуге жататын тұлға	1. Тексерілуге жататын тұлға құқылы: 4) Тексерілуге жататын тұлға	Аталған заң жобасының 21-бабына сәйкес сәйкестендіру.

		өзінің кәсіби адалдыққа тексерілуіне қатысты шараларды Қазақстан Республикасының Әкімшілік процессуалдық-процедуралық кодексінде белгіленген тәртіппен жоғарғы органға немесе сотқа шағымдану құқына ие.	өзінің кәсіби адалдыққа тексерілуін ұйымдастыру және өткізу (өзіне қатысты қолданылу заңдылығын), сондай-ақ кәсіби адалдыққа тексеру нәтижелері бойынша оған қолданылған тәртіптік жауапкершілікті Қазақстан Республикасының Әкімшілік процессуалдық-процедуралық кодексінде (Қазақстан Республикасының заңдарында) белгіленген тәртіппен жоғарғы органға немесе сотқа шағымдану құқына ие.	
--	--	--	--	--